

## ҚЫПШАҚ ТІЛДІ ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ ЕЛІКТЕУІШ СӨЗДЕР

Шет елдік және отандық ғалымдардың көпшілігінің теориялық тұжырымдарына сүйенсек, еліктеуіш сөздер жеке тілдердің пайда болуының негізгі бастау көзі (Н.И.Ашмарин, Н.К.Дмитриев, Ә.Қайдар, К.Хұсайын т.б.). Шынымен де, қазіргі сөйлеу тіліміз осы дайын қалпында бірден пайда бола қоймағаны мәлім, сондықтан да көрнекті ғалым Ә.Қайдар көрсеткендей, «сол алғашқы тілжасам процесіне белсене қатысып, оның дербес тіл болып қалыптасуына негіз болған тіл элементтерінің бірі – еліктеуіш сөздердің о бастағы ілкі түбірлері емес пе?» [1, 13].

Тіл білімінде еліктеуіш сөздердің екі тобы басымы қарастырылып келеді: дыбыстық және бейнелеуіш.

Еліктеуіш сөздердің пайда болып, қалыптасуы, олардағы ілкі түбірлердің сатылап дамуы мен дербес мағыналы сөздерге айналу үрдісі, еліктеуіштердің түрлері, туыстас тілдердегі еліктеуіштердің ұқсастығы мен әртүрлі типологиялық топтарға жататын тілдердегі еліктеуіш сөздердің ұқсас

болмауы сияқты т.б. көптеген мәселелері жалпы тіл білімінде белгілі ғалымдар тарапынан терең зерттелген.

Қазақ тіл біліміндегі еліктеуіш категориясы К.Хұсайыновтың еңбектерінде фономорфологиялық, салыстырма-типологиялық талдау арқылы (түркі тілдері бойынша) еліктеуіш сөздердегі жеке дыбыстар мен дыбыс тіркестерінің фонетикалық ерекшелігі мен мағыналық қызметі [2] және морфологиялық құрылымдары айқындалған [3]. Қ.Шотаның зерттеуінде еліктеуіштердегі ілкі түбір – туынды түбір – бір рет және көп рет қайталау – заттану үрдістері – грамматикалық индикаторлар мен сөзжасам жұрнақтарының алма-кезек ауысуы, етістік тұлғаларын қабылдауы, мағына шеңберінің кеңеюі т.б. мәселелері кеңінен сөз болады [4].

А.Байтұрсынұлы «Тіл құрал» атты еңбегінде еліктеуіш сөздерді одағайлардың қатарына жатқызып, «еліктеу одағайлар» деп атаған. Әрине ол кезеңде еліктеуіштер өз алдына жеке сөз табы ретінде есептелмеген. Еліктеуіш сөздер бертінгі жылдарда

ғана сөз табы ретінде өз алдына бөлек зерттеле бастады. Еліктеуіштерді одағайлардан бөліп, бөлек сөз табы ретінде қарауды тұңғыш рет ұсынған профессор Ш.Сарыбаев [5, 42].

Ғалым Ш.Сарыбаев қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздердің жалпы саны 2000-ға жуық (1982) екендігін айтса, ал академик Ә.Қайдар еліктеуіштердің сөзжасам (негізінен етістік жасайтын) модельдері арқылы көбейіп, олардың қазіргі кезеңде 5000-ға жеткендігін атап көрсетеді.

Біздің мақсатымыз қыпшақ тілді ескерткіштерде (Кодекс Куманикус, Әбу Хайан «Китаб ал Идрак ли-лисан ал-атрак», Құтып «Хұсрау Шырын» және Әбілғазының «Түркі шежіресі») кездесетін еліктеуіш сөздерге талдау жасап, қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын көрсету.

Белгілі ғалым Ә.Қайдар «Имитатив теориясына қатысты жаңаша көзқарас» [1, 13-28] атты мақаласында еліктеуіштердің «жасалу механизмдері мен тарихи калыптасу тетіктерін» саралау арқылы еліктеуіш сөздердің о бастағы ілкі түбірі мен морфологиялық деңгейлерін анықтау жолын көрсетіп берді және осыған орай ондағы ұғымдарды жаңа терминдермен атайды:

1. Дыбыстық шоғыр (звуковой комплекс),
2. Мағына анықтағыш формат (идеофон),
3. Грамматикалық индикатор,
4. Етістік жұрнағы [1, 13-24].

Ғалымның көрсетуінше, **дыбыстық шоғыр** – табиғаттағы әр алуан (дыбыс, жарық-сәуле, қимыл-әрекет т.б.) құбылыстың алғашқы жаңғырығы, рефлексі, бейнесі, яғни барлық еліктеуіш сөздердің негізін құраушы, дауысты дыбыс-тардың біреуі, не болмаса дауыссыз дыбыспен тіркесі. Ал **идеофондар** дыбыстық шоғырға жалғанып, оларға мағына үстемелеп, ілкі түбірге айналдырады. Еліктеуіштердің құрамының ұзарып дамуындағы морфологиялық кезеңі – **грамматикалық индикаторды** қабылдауымен сәйкес келеді. Осылайша үш дәреже бойынша дамыған еліктеуіш сөздерге аналитикалық және синтетикалық жол арқылы **етістік жұрнақтары** жалғанады.

Біз қараған ескерткіштер тілінен төмендегідей еліктеуіштерді кездестірдік: *жалп*, *көкра* (күркіреу), *лаф* (лап ету), *сачра* (жаркылдау), *сызғыр* (шыжғыру); *іңра* (еңіреу), *чакачак* (шақ-шақ), *ніч-ніч* (ысылдау), *балың* (бұлаңдау), *гурраш* (гүріл), *қаңқ-қаңқ* (қаңқ-қаңқ), *үрүк* (үрку), *ақыру*, *айқайлау*, *іңра* (еңіреу), *қычқыр* (бақыру).

Еліктеуіш сөздер негізінен шығарма тіліне әсемдік, ықшамдылық беру үшін, әжуа мен мысқылдарды суреттеу үшін молынан қолданылатыны белгілі. Біз қараған қыпшақ жазба тілінде *арқырау*,

*бажылдау*, *батылдау*, *барқылдау*, *былшылдау*, *бырылдау*, *гүжілдеу*, *даңғырлау*, *дарылдау*, *дүркіреу*, *жырқылдау*, *кеңкілдеу*, *күртілдеу*, *қаңғырлау*, *маңқылдау*, *самбырлау*, *сампылдау*, *тырпылдау*, *шаңқылдау*, *шөпілдеу*, *ықылықтау*, *ыңырану*, *далбаңдау*, *маймаңдау*, *дебелеңдеу*, *ыржалаңдау*, *қиқалаңдау*, *томпаңдау*, *тоңқаңдау*, *қоқыраңдау*, *тайраңдау*, *едіреңдеу*, *шыбжыңдау* т.б. тәрізді дыбыстық және бейнелеуіш сөздердің кездеспеуі бұл сол кезеңдегі жазба тіл нормасына тән болмағандықтан деп есептеуге болады. Себебі ол кезеңдегі жазба әдеби тілдің қатаң сақталған жүйелі нормасы болғандықтан, ауызекі сөйлеу тілінің барлық қырларын қамтыды деп айта алмаймыз.

Әрине бұл тәрізді сөздердегі ілкі түбірлер шығармада еліктеуіш сөз ретінде қолданылмай, сөзжасам модельдері арқылы басқа дербес мағыналы лексемалар құрамында кездесуі әбден мүмкін. Мысалы: *жарық* (жарқ), *жылтыр* (жылт), *тарсылдады* (тарс), т.б.

Шығармаларда *күркіреу* еліктеуіші *көкра* түрінде кездеседі. Бұл сөз тілімізде негізінен *су*, *күн*, *аспан*, *бұлт*, *теңізге* қатысты айтылады: *Су күркіреді ағады*. *Күн күркіреді* т.б.

Ал ескерткіштерде көбінесе адамды арыстанға теңеген кезде қолданылып отырған: *Арыстан маңіз көкраса* – арыстан келбетті *күркіресе*. *Аранлар көкряр арыслантег* – ерлер *күркірер* арыстандай. Қазіргі тілімізде бұл сияқты қолданыс жоқ деп айтуға болады. Бұлтқа қатысты: *Бұлт урласа көкряб ол заманда* – бұлт үрлесе *күркіреп* ол заманда. Сонда ескерткіштерде *көкра* түрінде кездесетін бұл сөз қазіргі тілімізде дыбыстық алмасуларға ұшырап *күркіре* (*к/р*) түрінде тұрақталған.

*Нітак кім ыылдырым сачрар бұлұтдан* – неліктен найжағай *жаркылдар* бұлттан. Қазіргі тілімізде *шашырау* сөзінің мағынасы жаркылдау мәнінен мүлде бөлек.

*Шамтег сызды ол күймішча иағы* – шамдай *шыжғырды* ол күйгенше майды. *Налук сызғырмағайын көзда иағым* – неліктен *шыжғырмайын* көздің майын. Қазіргі тілімізде *шыжғыру* сөзі тек май мен күнге қатысты ғана қолданылатыны мәлім.

*Қылышлар үні чакачак чықты* – қылыштар үні *шақ-шақ* шықты. Тілімізде *шақ-шақ* еліктеуіш қайталама қос сөзі дыбыстық сипатта, яғни қатты заттың бір біріне соғылуы мәнінде қолданылады. Ескерткіштерде де сол мағынада жұмсалған.

*Афы ылантег ніч-ніч ол* – улы жыландай *ніш-ніш* (ыс-ыс) етеді. Қазіргі қазақ тілінде *ніш-ніш* қайталама қос сөзі негізінен бір нәрсенің дыбысы ретінде сипатталады немесе ауыспалы мәнде өсектеу ма-

ғынасын да береді. Ал ескерткіштерде жыланның ысылдаған дауысын білдіру үшін қолданылған.

Аланқу қатындағы (қасындағы) *иатқан зағифаларны тұрғұзмақ үчүн қычқырайын деді* – Алан-қу қасындағы жатқандарды тұрғызбақ үчүн *айқайлайын деді (айқайламақшы болды)*. Қазіргі қазақ тілінде *қышқыру* етістігі дәл айқайлау мәнінде әдеби тілімізде жұмсалмайды. Орта ғасырлардағы ескерткіштер тілінде *айқайлау* сөзінің орнына негізінен осы *қышқыру* лексемасы көп қолданылған.

*Недін қайнар не гуррашлар қылур көр* – неден қайнар, қалайша *гүрілдер* екен, көр. *Гүрілдеу* сөзі тілімізде негізінен бір нәрсенің дауысы (адам, трактор) мен өзенге қатысты қолданылатыны бел-гілі. Шығармалар тілінде судың қайнауын әсіре-леп көрсету үшін жұмсалған.

Ескерткіштер тілінде жалпылдау мағынасы *уд* сөзі арқылы берілген. Мысалы: *Күйар уд от иалыңланмышича начар* – күйер *жалпылдақ* от жалындағанша нашар.

Сондай-ақ, беретін мағыналары қазіргі тіліміздегімен бірдей қолданылған еліктеуіштерді төмендегі мысалдардан көре аламыз:

*Иүргенде қаңқ- қаңқ әуез қылур аны иасаған кішіні қаңқылы төділер* – жүргенде *қаңқ-қаңқ* дауыс шығарады, оны жасаған адамды қаңқылы деді.

*Аның зар іңраганын тыңлашурлар* – оның зар *өңірегенін* тындасар.

*Балыңлаб нагаһан ойғанды Шірін* – бұлаңдап ұйқысынан оянды Шырын.

Ауыспалы мәнде: *Замана шахлығыңдын лаф урур* – замана шахтығыңнан лап берер.

Мақаланың түйінін академик Ә.Қайдардың мына сөзімен аяқтағымыз келеді: «Еліктеуіш сөздердің аналитикалық сөзжасам модельдері де, қосарлы да қайталама қос сөздерге айналу үрдісі де, Адамзатқа, Қоғамға және Табиғатқа қатысты кең ауқымда қолданысы да, сайып келгенде, бұл феноменнің көне тарихын ғана емес, этноскоға тән байырғы да өміршен құбылыс екендігін айқындай түсетіні даусыз» [1, 28].

#### ӘДЕБИЕТ

1. *Қайдар Ә.* Имитатив теориясына қатысты жаңаша көзқарас // ҚР ҒА Хабарлары. 2003. №3.
2. *Хусаинов К.* Звукоизобразительность номинации в казахском языке. Алма-Ата, 1988. 280 с.
3. *Хұсайынов К.* Дыбыс бейнелеуіш негіздерінің морфологиялық құрылымы // Қазақ тілі тарихы лексикологиясының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1988. 250 б.
4. *Шота Қ.* Дыбыстық еліктеуіш етістіктердің этнолингвистикалық негіздері. Алматы, 2004. 224 б.
5. *Сарыбаев Ш.* Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер. Алматы: АН КазССР, 1960. 42 б.